1.2 Бөлімде келтірілген ағаш конструкциялар бойынша дара сметалық бағалар зауытта өндірілген бұйымдарды қолдана отырып және ішінара тікелей құрылыс алаңында жеке элементтерді дайындай отырып орындалатын жұмыстарды анықтауға арналған.

1.3 Дара сметалық бағаларда жұмсақ тұқымды ағаш материалдарын (қарағай, шырша, майқарағай және т.б.) қолдану арқылы жұмыстарды орындау көзделген. Басқа тұқымдастардың ағаш материалдарын қолданған кезде еңбек шығындарына келесі коэффициенттерді қолдану керек:

- емен, шамшат, қызылқайың, шетен үшін - 1,2;
- балқарағай, қайың үшін. – 1,1.

1.4 Дара сметалық нормаларда тізбесі «Жұмыстардың құрамында» келтірілген негізгі, сондай-ақ қосалқы және ілеспе жұмыстардың толық кешенін орындау ескерілген, оның ішінде:

- материалдар мен бұйымдарды объект жанындағы қоймадан қалау орнына тасымалдау;
- ағаш конструкцияларды қалыпты ылғалды ортасы бар ғимараттар мен құрылыстарда орнату кезінде шіруден қорғау.

1.5 6108-05 кіші бөлімнің дара сметалық бағалары үй-жайдың биіктігі (еденнен төбеге дейін) 8 м-ге дейін болған кезде мүкәмналдық үстелдерден, баспалдақтардан және тіркемелі сатылардан жұмыстарды орындауды көздейді.

1.6 6108-0501-0201-дара сметалық бағада қорапсыз ішкі фрамугаларды шынылау көзделген. Қораптары бар сыртқы фрамугаларды шынылауға арналған ресурстардың шығысын сыртқы терезе ойықтарын толтыруға арналған шынылаудың дара сметалық бағалары бойынша анықталуы керек.

1.7 6108-0501-(0401, 0601) дара бағалауда жобаға тапсырыстық ерекшелік бойынша тапсырыс берушінің ассортиментінде витриналық (жылтыратылмаған және жылтыратылған) шынымен әйнектеу көзделген. Зауыт ассортиментінде витриналық әйнекпен шынылау қажет болған жағдайда, оның шығысын жобалық ерекшелікке, өнеркәсіп шығаратын әйнектердің көлеміне және 2% мөлшеріндегі шығындарды ескере отырып, ұтымды кесуге сүйене отырып, тұтастай объектіге есептеу бойынша анықтау керек, бұл ретте кез келген жағының өлшемі 400 мм және одан үлкен шыны қалдықтарын оның шығысының жалпы көлемінен алып тастау керек.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Есік, қақпа және терезе ойықтарының ауданын қораптардың сыртқы өлшемдері бойынша, ал қораптары жоқ немесе қабырға конструкцияларына металл бекітпесі бар қақпалардың ауданын кенептердің өлшемдері бойынша анықтау керек.

2.2 Есіктердің қаптамасының ауданы нақты қапталатын (қаптауға жататын) бет бойынша есептеледі.

2.3 Ағаш терезе жақтаулары мен балкон есіктерінің әйнектелген ауданы қораптардың сыртқы шеңберімен есептелген ойықтардың ауданы ретінде анықталады.

2.4 Есіктерді (балконнан басқа) және сөрелерді әйнектеу ауданы әйнектің өлшеміне қарай анықталады.

2.5 Пішінделген шыныдан жасалған терезе ойықтарының ауданын металл жиектемелердің немесе ағаш байламдардың сыртқы қорамы бойынша есептеледі.

2.6 Пішінделген шыныдан жасалған зениттік шамдардың ауданын шам стакандарының төменгі ішкі қорамы бойынша анықтау керек (шамның жарық ойығы).

3 Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

8.1-кесте Қолдану шарттарын ескеретін дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

Позиция	Қолдану шарттары	Сметалық бағалар коды	Құнға қолданылатын коэффициенттер		
			еңбек шығындары	пайдалану уақыты	материалдар
1	2	3	4	5	6
3.1	Ойықтарды есік блоктарымен толтырған кезде серіппелерді немесе пневмобекіткіштерді орнату	6108-0201-(0101÷0104)	1,03	–	–
3.2	Оны кесумен сөрелік әйнекпен шынылау	6108-0501-(0401, 0501)	1,1	–	–

9-бөлім Едендер

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Осы Бөлімнің дара сметалық бағалары едендердің негізгі түрлерінің құрылғысы үшін қажетті негізгі, қосалқы және ілеспе жұмыстардың толық кешенін ескереді. Агрессивті ортасы бар үй-жайларға арналған химиялық төзімді еден жабындарының құрылғысы кезінде «Оқшаулау жұмыстары» деген 1-бөлімнің 11-шығарылымының бағаларын қолдану керек.

1.2 Өсімдік топырағын кесу кезінде «Жер жұмыстары» деген 1-бөлімінің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының бағаларын қолдану керек.

1.3 6109-0102-(0102÷0108, 0201÷0203) дара сметалық бағалар төселетін қабаттардың құрылғысы үшін де, жабындардың құрылғысы үшін де қолданылады.

1.4 Бетон төсеу машиналарымен бетон төселетін қабаттың құрылғысы кезінде цемент-бетон жол жабындарының құрылғысы қағидаларына сәйкес «Автомобиль жолдары» деген 1-бөлімінің бірыңғай бағаларын қолдану керек.

1.5 Жабындардың құрылғысы және науалар мен арналарды оқшаулауды «Оқшаулау жұмыстары» деген 11-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара бағаларымен анықтау қажет.

1.6 6109-0302-0401 және 6109-0302-0501-дара сметалық бағаларға жобада нұсқаулар болған кезде ғана қолдануға рұқсат етіледі.

1.7 6109-0308-(0101÷0102, 0104,0105, 0203, 0204, 0301÷0302) дара сметалық бағаларда линолеум, релин және бір түсті (суретсіз) және түрлі-түсті (суреті бар), жапсарларда суретті қиыстыруды талап етпейтін кілем жабындарын төсеу көзделеді. Линолеум, релин және жапсарларда суретті қиыстыруды талап ететін суреті бар кілем жабындарын төсеу кезінде Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.2-тармағының коэффициенттерін қолдану қажет.

1.8 Төсемдердің құрылғысына арналған дара сметалық бағалар еден түрлері мен жобалық шешімдерге байланысты тиісті Бөлу бағалары бойынша қосымша қабылдануы тиіс еденкемерлерді орнатуды ескермейді.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Еденге төселетін қабаттың (дайындаманың) көлемі пештердің, бағандардың, шығыңқы іргетастардың және ұқсас элементтердің алатын орындарын шегере отырып, есептелуге тиіс.

2.2 Еден жабындарының құрылғысы бойынша жұмыстардың көлемін жобада көзделген әрлеу қалыңдығын ескере отырып, қабырғалардың немесе қалқалардың ішкі қырлары арасындағы алаң бойынша қабылдау керек; терезе алды қуыстары мен есік ойықтарындағы жабындар да жұмыстардың көлеміне қосылады және жобалық деректер бойынша есептеледі.

Арақабырғалар (тазалықты қоспағанда), бағаналар, пештер, еден деңгейінен шығып тұратын іргетастар және ұқсас конструкциялар алып жатқан алаңдар жұмыс көлеміне қосылмайды.

3 Ресурстар құнына қолданылатын коэффициенттер

9.1-кесте - Ресурстар құнына қолданылатын коэффициенттер

Позиция	Қолдану шарттары	Сметалық бағалар коды	Құнға қолданылатын коэффициенттер		
			еңбек шығындары	пайдалану уақыты	материалдар
1	2	3	4	5	6
3.1	Қалыңдығы 5 мм жабындар құрылғысы полимер ерітіндісінен жасалған	6109-0305-0601	0,75	0,50	0,56
3.2	Жапсарларда қиыстыруды талап ететін суреті бар линолеум, релин және кілем жабындарын төсеу	6109-0308-(0101÷0102, 0104, 0105, 0203, 0204, 0301, 0302)	1,20	—	1,25 (линолеум, релин және кілем жабындары)

10-бөлім Жабындылар

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Осы Бөлімнің дара сметалық бағалары жабындылардың негізгі түрлерінің құрылғысы үшін қажетті негізгі, қосалқы және ілеспе жұмыстардың толық кешенін көздейді.

1.2 10-бөлімде дара сметалық бағаларда жер деңгейінен 15 м-ге дейінгі биіктікте жұмыстарды жүргізу көзделген. 15 м-ден астам биіктікте жұмыстарды жүргізген кезде жұмысшылардың еңбек шығындарының құны биіктіктің әрбір келесі метріне 0,5%-ға арттырылуы керек.

1.3 Есту терезелері мен ағаш ернеулердің құрылғысы «Ағаш, гипсокартон, ПВХ және алюминий конструкциялар» деген 7-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының бағалары бойынша анықталуы керек.

1.4 6110-0101-(0101÷0303) және 6110-0101-0516, 6110-0101-0517 кестелерінің дара сметалық бағалары қабырғаларға, шамдарға және құбырларға жанасуды, сондай-ақ деформациялық жапсарлардың құрылғыларын және шатырнауаларды (науаларды) күшейтуді көздемейді, олар осы Бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша қосымша ескерілуі тиіс.

1.5 6110-0101-(0508÷0509) сметалық бағалар келесі өлшемдерге сүйене отырып, жабынқыш шығысын көздейді:

- қатардағы жабынқыш - 420 × 330 × 12 мм;
- шатыржал жабынқышы - 405 × 238 × 107 мм;
- полимермен толтырылған жабынқыш - 420 × 330 × 9,5 мм.

Басқа өлшемдегі тақташаларды қолданған жағдайда, шығыс жоба бойынша анықталуы керек

1.6 6110-0101-(0505÷0506) сметалық бағаларда металл жабынқышты пішу ескерілмеген, қажет болған жағдайда оны Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар «Металл конструкциялардың құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстары» деген 9-бөлімінің 1109-0501-0601 нормалары бойынша қосымша қабылдайды.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Жабындыларды жабу бойынша жұмыстардың көлемін жобалық деректерге сәйкес, есту терезелері мен түтін мұржалары алып жатқан алаңды есептемей және олардың қапталуын есепке алмай, жабынның толық ауданы бойынша есептеу керек.

2.2 Жабынды еңісінің ұзындығын шатыржалдан ернеудің шеткі шетіне дейін қабылдау керек – қабырғалық науаларсыз шатырларда - қосу арқылы 0,07 м ернеу үстіндегі шатырды түсіруге, ернеу төсеніштері мен қабырға науалары бар жабындыларда - 0,7 м азайтумен.

Аспалар мен қабырға науаларының құрылғысына арналған жұмыстардың көлемін есептеу жеке жүргізіледі және осы Бөлімнің 6110-0401-(0101÷0102), 6110-0203-0201-дара сметалық бағалары бойынша айқындалады.

2.3 Жақтауларды, брандмауэрлерді, орамдық материалдардан жасалған жабындының қабырғаларға, жақтауларға, күнтартарларға және шатырдың негізгі жабынымен ескерілмеген басқа элементтерге жанаспалардың жабынымен байланысты жұмыстардың көлемін қосымша ескеру керек.

2.4 Зениттік шамдары бар жабындарда олардың сыртқы контуры бойынша шамдардың көлденең кескіндеріне сәйкес келетін жабынды алаңы алынып тасталады. Зениттік шамдардың стакандарын оқшаулауды және оларға жабындының жанасуын қаптауды осы Бөлімнің 6110-0301-(0401÷0404) сметалық бағалары бойынша ескеру қажет.

2.5. Қасбеттердегі қаптамалар қасбеттердің ауданы бойынша ойықтарды есептемей қабылданады.

11-бөлім Оқшаулау жұмыстары

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Осы Кіші бөлімнің дара сметалық бағалары құбырлардың, арматуралардың және ернемектік жалғанымдардың; жабдықтардың, аппараттардың, резервуарлардың (ыдыстардың), турбиналардың; желдету және ауа баптау жүйелерінің ыстық беттерін, сондай-ақ бағаналардың, қабырғалардың, жабындардың және жабындардың суық беттерін (жоғарыдан және төменнен) оқшаулау бойынша жұмыстарды орындауға арналған.

1.2 6111-0201 - (0101÷0506) дара сметалық бағалар суық беттерді оқшаулауға арналған.

6111-0201-0201-дара сметалық бағалар ұяшықты материалдардан (көбік бетон, газдалған бетон, керамзит бетон) жасалған бұйымдарды қолдануды қарастырады, 6111-0201-(0101÷0106, 0301, 0401) - талшықты және түйіршікті материалдардан жасалған бұйымдар (қатты минералды мақта, перлитобитум, вермикулит және перлитогель тақталары), 6111-0201-(0501÷0506) - пенопласттан жасалған бұйымдар.

6111-0201-0201-дара сметалық баға көбік бетон тақталарын қолдануды ескере отырып әзірленген, газдалған бетон немесе керамзит бетон тақталарын қолданған жағдайда негізгі жұмысшылардың еңбек шығындарына 1,03 коэффициентін қолдану керек.

Құбырлар мен жабдықтардың суық беттерін оқшаулауды құбырлар мен жабдықтардың ыстық беттерін оқшаулауға арналған тиісті дара сметалық бағалар бойынша қабылдаған жөн.

Суық беттерді жылу оқшаулағыш өнімдермен оқшаулау дара сметалық бағалары бу оқшаулау қабатының құрылғысын ескермейді.

Бу оқшаулау қабатының құрылғысы осы Кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша қабылдануы керек.

6111-0201-(0101, 0103÷0104, 0501, 0503÷0504) дара сметалық бағаларда жылу оқшаулауды бекітуге арналған ағаш қаңқаның құрылғысы ескерілген.

1.3 Құбырларды оқшаулау дара сметалық бағалары диаметрі 820 мм дейінгі құбырларды оқшаулауға арналған және жабдықтың цилиндрлік беттерін, сондай-ақ диаметрі бірдей үлгілемдік бөлшектерді оқшаулауға қолданылады. Үлкен диаметрлерде жазық және қисық сызықты беттерді оқшаулау дара сметалық бағаларын қолдану керек.

1.4 Жазық беттерді 150 – 200 маркалы минералды мақта тақталарымен, сондай-ақ жобада көзделген басқа да түрлері мен маркалары қатты тақталармен оқшаулау кезінде ресурстарға қажеттілікті 6111-0101-0504 дара сметалық баға бойынша айқындаған жөн.

1.5 Жылу оқшаулағыш материалдардың, конструкциялар мен бұйымдардың маркаларын жобалық деректер бойынша қабылдау керек.

Жылу оқшаулағыш материалдар мен тығыздау коэффициенттері қабылданған дара сметалық бағалардан өзгеше бұйымдарды пайдалану кезінде олардың шығынын жоба деректеріне сәйкес айқындаған жөн.

1.6 6111-01-(1201=1302) дара сметалық бағаларда құбырлардағы арматура мен ернемекті жалғанымдарды оқшаулау көзделген.

6111-0101-(1401÷1402) дара сметалық бағалар жабдықтағы арматураны және ернемекті жалғанымдарды оқшаулауды көздейді.

1.7 Құбырлар оқшаулауының қорғаныш жабынын құю әдісімен көбік полиуретанмен орнату кезінде оқшаулаудың m^2 1 m^3 жұмыс көлемі жобалық деректер немесе есеп бойынша анықталады (2.7-т.). Өндірісті ескере отырып, қалыңдығы 1 мм болатын 1 m^2 металл жабынының салмағы: алюминий үшін – 3,48 кг, мырышталған болат үшін – 9,58 кг.

1.8 6111-01 - (2001, 2101) дара сметалық бағаларда тығыздығы 60 кг/ m^3 көбікті полиуретанмен оқшаулау көзделген. Құрауыштардың арақатынасы

А: Б 1: 0,96 құрайды. Оқшаулау тығыздығының басқа берілген мәндерінде құрауыштардың шығысы жобамен анықталады.

1.9 6111-0301 - (0901, 0902) дара сметалық бағаларда сылақ қабатының қалыңдығы 10 мм болып қабылданған. Басқа қалыңдықтар кезінде машиналар мен материалдардың шығыс Дара сметалық бағаларын қабат қалыңдығының өзгеруіне тепе-тең өзгерту керек, еңбек шығындары құнының дара сметалық бағаларын әрбір 5 мм қалыңдықта 14%-ға ұлғайту керек.

1.10 Оқшауланған беттерді сырлауды «Құрылыс конструкциялары мен жабдықтарын тоттанудан қорғау бойынша құрылыс жұмыстары» деген 13-кіші бөлімнің және «Құрылыс әрлеу жұмыстары» деген 15-кіші бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қабылдау қажет.

1.11 Құбырларды оқшаулау дара сметалық бағаларында тік және көлбеу учаскелерде түсіру құрылғыларының және көлденең учаскелерде тірек шығыршықтарының құрылғысы көзделмеген. Түсіру құрылғылары мен тірек шығыршықтарын орнату 6111-0101- (2301÷2302) дара сметалық бағалар бойынша қабылдануы керек.

1.12 Кіші бөлімнің дара сметалық бағаларында мынадай қосалқы жұмыстар ескерілген:

- құралдарды ағымдағы түзету, қайрау және тазалау, құрылғылар мен машиналарды реттеп ұстау, ауысым ішінде жұмыс орнын жинау;

- 2,5 м дейінгі биіктікте жұмыс жүргізу үшін бұрын дайындалған қарапайым төсемдерді, сатыларды, төрт тағандарды, баспалдақтарды орнату және өткізу.

- жұмыс орны шегінде материалдарды өткізу.

1.13 Еденнен (жерден) 2,5 м астам биіктікте жылу оқшаулау жұмыстарын жүргізу кезінде құрылыс сатыларының қрылғысы құрылысты ұйымдастыру жобасымен (ҚҰЖ) немесе жұмыстарды жүргізу жобасымен (ЖЖЖ) шарттастырылуы және «Кірпіштен және блоктардан жасалған конструкциялардың құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстары» деген 8-кіші бөлімінің дара сметалық бағалары бойынша айқындалуы тиіс.

1.14 10 м-ден астам биіктікте жылу оқшаулау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмысшылардың еңбек шығындары құнының дара сметалық бағаларына биіктікке байланысты мынадай коэффициенттерді қолдану қажет:

15 м дейін-1,15

15-тен 30 м-ге дейін - 1,20

30-дан 50 м-ге дейін - 1,25

50-ден 60 м-ге дейін-1,40

60 м-ден жоғары-1,50.»

1.15 Осы Кіші бөлімнің дара сметалық бағаларында ыңғайсыз және қиын жағдайларда (сақтандырғыш белбеулерді қолдана отырып, бесікшелермен жұмыс істеу, оқшауланатын объектілер басқа беткі қабаттардан 0,35 м қашықтықта орналасқан кезде, тек төменнен ғана оқшаулау кезінде, әрбір 7 м тік учаскелерге бір және одан да көп майысулар немесе бұрулар бар құбырларды оқшаулау кезінде, әр түрлі үй-жайларда немесе бір-бірінен 50 м артық қашықтықта орналасқан ауданы 10 м² беттерді оқшаулау кезінде, сондай-ақ, өндірістің жұмыс аймағындағы ауа температурасы 0°C-тан + 40°C-қа дейін болған кезде жұмыстарды жүргізу көзделген.

Пайдаланылатын цехтарда жұмыс жүргізу кезінде оларды тоқтатпай, сондай-ақ зиянды (жұмыс аймағындағы температура +40°C жоғары, бу, шаң, зиянды газ және түтін болған кезде) зиянды разрядқа жатқызылған жағдайларда дара сметалық бағаларға Құрылыс жұмыстарына арналған сметалық дара сметалық бағаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелерде (ҚР ЭСН 8.04-01-2022) келтірілген коэффициенттерді қолдану керек.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Цилиндрлік пішіндегі құбырлардың немесе жабдықтардың 1 м ұзындығына келетін «істе» (O_u) м³ оқшаулау көлемі мынадай формула бойынша есептеледі::

$$O_u = 3,14 \times (D + T) \times T,$$

мұндағы T – оқшаулағыш қабаттың қалыңдығы, м;

D – құбырдың немесе жабдықтың сыртқы диаметрі, м.

2.2 Оқшауланған құбырлардың, сондай-ақ цилиндрлік және тік бұрышты қима жабдықтарының және т.б. ұзындығы әрбір қима үшін осьтік сызық бойынша айқындалады, бұл ретте арматура мен ернемектер, фитингтер және т. б. ұзындықтан алып тасталмайды.

2.3 Көпбұрышты және ұқсас қиманың периметрі оқшаулаудың ішкі және сыртқы беті периметрлерінің орташа арифметикалық шамасы ретінде айқындалады.

2.4 Бақылау-өлшеу аспаптары мен арматураның жанындағы, сондай-ақ жабдықтардың кез келген люктерінің, штуцерлерінің, тесіктерінің жанындағы жекелеген орындарды оқшаулау көлемі дара металық бағалармен ескерілген, бұл ретте оқшауланған құбырлардың ұзындығы көрсетілген орындарды шегермей өлшенеді.

2.5 Құрылыс конструкцияларының суық беттерін оқшаулау бойынша жұмыстардың көлемі жобаға сәйкес оқшауланған беттің ауданын оқшаулаудың қалыңдығына көбейту арқылы анықталады. Өртке қарсы белдіктердің көлемі оқшаулау көлеміне қосылмайды, өйткені олардың құрылғысы 6111-0201-(0101÷0104, 0401) дара металық бағаларда бөлек көзделген.

2.6 Тақталы жылытқыштармен төменнен арқалықсыз жабындарды оқшаулау бойынша жұмыстардың көлемі жабындар үшін және бағандар үшін бөлек есептелуі тиіс, бұл ретте капительдерді оқшаулау аражабындарды оқшаулау көлемінде ескерілуі тиіс.

2.7 Цилиндрлік пішіндегі құбырлардың немесе жабдықтардың ұзындығының 1 м-ге келетін оқшаулау жабыны бойынша жұмыстардың көлемі (O_n) м², мынадай формула бойынша есептеледі:

$$O_n = 3,14 \times (D + 2 \times T),$$

мұндағы D – құбырдың немесе жабдықтың сыртқы диаметрі, м;

T – оқшаулағыш қабаттың қалыңдығы, м.

2.8 1 м³ оқшаулауға келетін оқшаулауды әрлеу (жабу) жөніндегі жұмыстардың көлемі (O_o) м² мынадай формула бойынша айқындалады:

$$O_o = \frac{1}{T} + \frac{1}{D+T}$$

мұндағы D – құбырдың немесе жабдықтың сыртқы диаметрі, м;

T – оқшаулағыш қабаттың қалыңдығы, м.

6111-05-кіші бөлім. Құрылыс конструкциялары мен жабдықтарын тоттанудан қорғау бойынша құрылыс жұмыстары

Жалпы бөлім

«Құрылыс конструкциялары мен жабдықтарын коррозиядан қорғау жөніндегі құрылыс жұмыстары» деген 6111-05-кіші бөлімнің құрылыс жұмыстарына арналған ресурстар шығысының дара металық бағалары кіші бөлімде келтірілген әрбір жұмыс түріне ресурстардың базалық қажеттілігін айқындау және кейіннен металық құжаттаманы жасау үшін ұсынылады. Бұл кіші бөлім Құрылыс жұмыстарына арналған дара металық бағаларының «Оқшаулау жұмыстары» деген 11-бөлімінің құрамына кіреді.

Техникалық бөлік

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Кіші бөлім Құрылыс конструкциялары мен жабдықтарын коррозиядан қорғау жөніндегі құрылыс жұмыстарының дара сметалық бағаларын қамтиды.

1.2. Дара сметалық бағалар мынадай жұмыстарды ескереді:

- материалдарды объект жанындағы қоймадан жұмыс орнына тасымалдау;
- құрылымдар мен жабдықтарды 4 м дейінгі биіктікте коррозиядан қорғауды орындау үшін биіктігі 2 м-ге дейін жеткізу үшін мүкәммалдық үстелдерді, қосалқы сатыларды және басқа сүйеу құралдарын орнату және қайта орнату.

1.3 Биіктігі 4 м-ден асатын құрылыс сатыларының құрылғысы және оларды бөлшектеу және оларды орнату мен бөлшектеу мынадай түрде анықталуы тиіс:

- салынып жатқан ғимараттар мен құрылыстардың (аппараттардан басқа) ішінде және сыртында, сондай-ақ ашық алаңдарда мүкәммалдық құрылыс сатыларын орнату және бөлшектеу кезінде құрылыс сатыларын орнату және бөлшектеу «Тас конструкциялар» деген 5-бөлімінің дара сметалық бағалары бойынша анықталуы тиіс.

Аппараттардың ішінде мүкәммалдық құрылыс сатыларын орнату және бөлшектеу кезінде ормандарды орнату және бөлшектеу 6111-0504-кестенің дара сметалық бағалары бойынша анықталуы тиіс. Барлық жағдайларда сыртқы және ішкі құрылыс сатыларының бөлшектерін орталық қоймадан объектіге (объект жанындағы қоймаға) жеткізу, сондай-ақ оларды объект жанындағы қоймадан құрылыс ұйымының орталық қоймасына не басқа объектінің объект жанындағы қоймасына тасымалдау құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ) деректері негізінде ескерілуге тиіс.

1.4 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

- уақытша сору-сыртқа тарату желдеткіші жүйесін орнату және бөлшектеу. Бұл шығындар жұмыс жобасына сәйкес ескерілуі керек.

1.5 Өрт, жарылыс қауіпті және зиянды заттармен тұйық көлемдегі жұмыстарды жүргізу кезінде кезекшілікке жұмсалатын шығындарды Техникалық бөлімктің 3-кіші бөлімінің 3.1-тармағына сәйкес айқындаған жөн.

1.6 Беткі қабаттарды бояуға арналған дара сметалық бағалар бір қабатты жабынға жасалады, бірнеше қабатын бояған кезде дара сметалық бағаларды қолданылатын қабаттардың санына көбейту керек.

11-бөлімде көзделмеген лак-бояу материалдарын қолданған жағдайда, 11-бөлімде көзделген дара сметалық бағалар бойынша машиналарды пайдалану уақыты мен еңбек шығындарының дара сметалық бағаларын ұқсас жағу технологиясы бар материалдар үшін қабылдау және жоба деректеріне сәйкес материалдарды ауыстыруды жүргізу қажет.

1.7 Лак-бояу материалдарын пайдалана отырып жұмыстарды орындау кезінде материалдар шығысының дара сметалық бағалары мен еңбек шығындары оларды қолданудың механикаландырылған тәсілін көздейді. Лак-бояу материалдарын қолмен жағу кезінде жұмысшы-құрылысшылардың еңбек шығындарының дара сметалық бағаларына 1,1 коэффициентін қолдану ұсынылады.

1.8 Металл конструкцияларды бояуға арналған дара сметалық бағалар металл конструкцияларды монтаждау алдында арнайы жабдықталған алаңда оларды аудару бойынша механизмдер мен құрылғыларды пайдаланбай лак-бояу құрамдарын жағуды көздейді.

1.9 6111-05(06) кіші бөлімнің дара сметалық бағалары сыртқы факторлармен қиындатылмаған қалыпты жағдайларда құрылыс жұмыстарын орындауды көздейді.

1.10 Металл қорғаныс жабындарын салу бойынша жұмыстарды орындау дара сметалық бағалары жағылатын қабаттың қалыңдығы 100 мкм негізге алына отырып есептелген. Қабылданған қабаттан ерекшеленетін қабат қалыңдығы кезінде шығыстарды жабын қалыңдығының өзгеруіне пропорционал интерполяциялау керек.

1.11 Тасымалдау және сақтау процесінде металл конструкциялардың зақымдалған қорғаныш қабатын қалпына келтіруге арналған ресурстардың шығысы «Металл конструкциялар» деген 6-кіші бөлімнің дара сметалық бағаларында ескерілген.

1.12 6111-0504 - (0201÷0203) дара сметалық бағалар металл конструкцияларын 25 м-ге дейін биіктікке сырлауға арналған төсенімдердің құрылғысын көздейді. 25 м-ден астам биіктікте сырлау жұмыстарын жүргізу кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттерді қолдану қажет.

1.13 Жобаның талаптарына сәйкес құрылыс алаңы жағдайында металл конструкцияларды майлы құрамдармен жабуға арналған ресурстардың шығыстары «Әрлеу жұмыстары» деген 12-кіші бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындалады.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Тегістейтін, бояйтын және бітемелейтін алаңды, ауданы 0,03 м² дейінгі ұсақ тесіктерді қоспағанда, терезе және есік жақтауларының ауданын қоса отырып, қораптардың сыртқы жиегі бойынша ойықтарды алып тастағанда есептеу керек.

2.3 Боялатын металл конструкциялардың жайылған бетінің ауданы 11.1 кестеге сәйкес жұмыс сызбалары бойынша қабылданады.

Коррозиядан қорғауға жататын жұмыс сызбаларын әзірлеу сатысында құрылыс болат конструкциялары бетінің шамасын анықтау үшін стандарттар мен техникалық шарттардың сұрыптамасы бойынша ыстықтай илектелген болат профильдер беттерінің ауданы

11.1-кесте Ресурстар шығысының дара сметалық бағаларына қолданылатын коэффициенттер

Профильдің атауы, қиманың нөмірі мен қалыңдығы, мм	Ауданы	Профильдің атауы, қиманың нөмірі мен қалыңдығы, мм	Ауданы	Профильдің атауы, қиманың нөмірі мен қалыңдығы, мм	Ауданы
1	2	1	2	1	2
1 Табақ болат және иілген ашық профильдер					
Беті екі жағынан (МЕМСТ) жиынтық берілген 19903-74; 19904-90; 8278-83; 19771-74; 19772-74; 8282-83)					
табақтың қалыңдығы					
2	127,6	7	36,6	22	11,8
2,2	115,9	8	32,1	25	10,4
2,5	102,3	9	28,5	28	9,4
2,8	91,2	10	25,7	30	8,7
3	85	11	23,4	32	8,2
3,2	79,9	12	21,5	36	7,3
3,5	73	14	18,4	40	6,6
4	63,9	16	16,2	45	5,9
5	51,1	18	14,4	50	5,4
6	42,7	20	13	55	4,9
2 иілген жабық шаршы, тікбұрышты профильдер және құбырлар					

Беті илектің сыртқы жағында берілген (ТШ 36-2287-80, МЕМСТ 10704-76)

11.1- кестенің жалғасы

1					
қабырға қалыңдығы					
2	65,2	8	16,6	18	7,5
2,5	52,1	9	14,5	20	6,7
3	43,5	10	13,1	22	6,1
3,5	37,3	11	11,8	25	5,5
4	32,9	12	10,8	28	5
5	26,5	14	9,3	30	4,7
3 бірдей сөрелі бұрышты болат (МЕМСТ 8509-86). Беті барлық жағынан жиынтық берілген					
сөренің қалыңдығы					
3	86,5	9	29,5	20	13,3
4	65	10	26,3	22	12
5	52	12	22	25	10,6
6	44	14	19	28	9,6
7	37	16	16,6	—	—
8	33	18	14,9	30	9
4 ыстықтай илемделген швеллерлер (МЕМСТ 8240-89). Беті барлық жағынан жиынтық берілген					
профиль №					
5	47,1	16	40,5	22А	34,9
6,5	46,4	16а	38,7	24	35
8	45,4	18	39,3	24А	33,3
10	44,7	18А	37,7	27	33,2
12	43,1	20	38,3	30	31,4
14	41,6	20А	36,4	33	29,6
14А	39,7	22	36,6	36	27,7
—	—	—	—	40	26,1
5 Қос таңбалы арқалықтар (МЕМСТ 8239-89). Беті барлық жағынан жиынтық берілген					
профиль №					
10	44,4	20	38,1	36	26,7
12	43,1	22	36,7	40	24,9
14	41,8	24	34,4	45	23,2
16	40,5	27	33	50	21,4
18	39,1	30	31,2	55	19,7
—	—	—	—	60	18,1
6 Монорельстерге арналған қос таңбалы арқалықтар (МЕМСТ 19425-89) (24м); ТШ 14-2-427-80 (30м-45м). Беті барлық жағынан жиынтық берілген					
профиль №					
24М	24	36М	21,4	—	—
30М	22,3	45М	19,3	—	—
7 Сөрелердің параллель қырларымен арқалықтар (МЕМСТ 26020-83). Беті барлық жағынан жиынтық берілген					
профиль №					
20Б	49,1	40Б	34,9	70Б	2
					1

11.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
20Б1	39,4	40Б1	30,8	70Б1	19,1
20Б2	36,7	40Б2	27,8	70Б2	17,4
20Б3	33,6	40Б3	25,5	70Б3	15,9
—	—	—	—	70Б4	14,6
23Б	45,9	45Б	32,3	80Б	19,3
23Б1	38	45Б1	27,5	80Б1	17,2
23Б2	35,3	45Б2	24,9	80Б2	15,5
23Б3	32	45Б3	22,8	80Б3	14,2
—	—	—	—	80Б4	13,1
26Б	43,2	50Б	29,3	90Б	17,8
26Б1	35,9	50Б1	24,8	90Б1	15,7
26Б2	33,3	50Б2	22,8	90Б2	14,5
26Б3	30,4	50Б3	20,9	90Б3	13,2
—	—	—	—	90Б4	12
30Б	40,7	55Б	26,7	100Б	16,7
30Б1	35,4	55Б1	22,6	100Б1	14,4
30Б2	33	55Б2	20,8	100Б2	13
30Б3	30,1	55Б3	19,1	100Б3	11,7
—	—	—	—	100Б4	10,6
35Б	37,8	60Б	24,4	—	—
35Б1	34,4	60Б1	20,5	—	—
35Б2	31,1	60Б2	18,6	—	—
35Б3	28,4	60Б3	17,2	—	—
8 Кең сөрелі арқалықтар					
профиль №					
20Ш	38,9	40Ш	23,2	70Ш1	15,8
20Ш1	33,8	40Ш1	20,4	70Ш2	14,4
20Ш2	31,2	40Ш2	18,9	70Ш3	13,1
23Ш	37,9	40Ш3	17,9	70Ш4	12
23Ш1	30,9	40Ш4	16,2	70Ш5	11
23Ш2	27,8	50Ш	22,5	70Ш6	10,3
26Ш	33,2	50Ш1	19,4	70Ш7	9,5
26Ш1	28,6	50Ш2	17,4	70Ш8	8,8
26Ш2	25,9	50Ш3	15,7	80Ш	17,4
30Ш	30,1	50Ш4	14,2	80Ш1	14,4
30Ш1	26	50Ш5	12,9	80Ш2	13,2
30Ш2	23,4	60Ш	21,4	80Ш3	12,1
30Ш3	21,1	60Ш1	17,4	90Ш	15,7
30Ш4	19,4	60Ш2	16	90Ш1	13,1
35Ш	26,8	60Ш3	14,6	90Ш2	12,1
35Ш1	22,7	60Ш4	13,1	90Ш3	11,1
35Ш2	20,8	60Ш5	11,8	100Ш	14,2
35Ш3	19,1	60Ш6	10,7	100Ш1	12,3
35Ш4	17,3	70Ш	19,7	100Ш2	11,3
9 Бағандар мен қос таңбалар					
профиль №					

11.1- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6
20K	32,3	30K1	21,4	35K8	10
20K1	29,3	30K2	19,9	40K	19,9
20K2	26,1	30K3	18,3	40K1	17,5
20K3	23,7	30K4	16,7	40K2	16
20K4	21,7	30K5	15,2	40K3	14,5
23K	31,6	30K6	14,1	40K4	13,1
23K1	27,5	30K7	12,8	40K5	11,8
23K2	25,7	30K8	11,7	40K6	10,8
23K3	23,2	35K1	19,3	40K7	9,8
23K4	21,2	35K2	17,3	40K8	9
26K1	26,1	35K3	15,6	40K9	8,2
26K2	23,3	35K4	14,2	40K10	7,8
26K3	20,9	35K5	13	40K11	6,2
26K4	19,2	35K6	11,9	40K12	5,2
26K5	17,6	35K7	10,9	40K13	4,4
—	—	—	—	40K14	3,7

11.2-кесте - Ресурстар шығысының дара сметалық бағаларына қолданылатын коэффициенттер

озиция №	Қолдану шарттары	Дара сметалық бағалар	Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер		
			негізгі жұмысшылардың еңбек шығындары	машиналардың пайдалану уақыты	материалдар шығысы
1	2	3	4	5	6
	Келесі үшін тұйық көлемде өрт-жарылыс және зиянды заттармен жұмыстарды орындау кезіндегі кезекшілік:				
3.1	дайындық жұмыстары, беткі қабаттарды майсыздандыру	6111-0503-(0101÷0109, 0201÷0206)	2	—	—
3.2	Төбелік беттерді тоттанудан қорғау бойынша жұмыстар	6111-0501-(0101, 0102, 0107÷0114, 0201, 0202, 0204÷0209, 0212÷0216, 0217, 0218, 0301, 0302, 0303, 0304, 0305, 0401, 0402, 0501÷0503, 0504, 0505, 0506, 0507÷0512, 0519÷0521, 0522÷0524, 0527, 0701÷0705),	1,1	1,1	1,1

11.2- кестенің жалғасы

	2	3	4	5	6
	Аппараттар мен құраушы конструкциялардың қорғалатын бетінде тойтарма жапсарлар, қаттылық қырлары мен шығыңқы жерлері болған кезде				
	а) мынадай жұмыс түрлері кезінде 10%-дан 30%-ға дейін:				
3.3	табақ материалдармен желімдеу	6111-0502-(0101÷0104, 0201÷0210, 0301÷0310, 0401),	1,05	—	—
3.4	бітемелеу	6111-0501-(0701÷0705)	1,05	—	—
3.5	тегістеу	6111-0501-(0101, 0102, 0103÷0110, 0201, 0202, 0203÷0211, 0212÷0218)	1,05	—	—
3.6	бояу	6111-0501-(0301, 0302, 0905, 0907, 0909, 1201, 1202, 0501÷0503, 0504, 0505, 0506, 0507÷0518, 0519÷0521, 0522÷0524, 0527)	1,05	—	—
	б) мынадай жұмыс түрлері кезінде 30%-дан жоғары:				
3.7	желімдеу	6111-0502-(0101÷0104, 0201÷0210, 0301÷0310, 0401),	1,1	—	—
3.8	сылау	6111-0501-(0701÷0705)	1,1	—	—
3.9	тегістеу	6111-0501-(0101, 0102, 0103÷0110, 0201, 0202, 0203÷0211, 0212÷0218)	1,1	—	—
3.10	бояу	6111-0501-(0301, 0302, 0905, 0907, 0909, 1201, 1202, 0501÷0503, 0504, 0505, 0506, 0507÷0518, 0519÷0521, 0522÷0524, 0527)	1,1	—	—
	Едендердің қорғалатын бетінің жабдықпен, іргетастармен, бағаналармен, арналармен, басқыштармен, құрауыштардың ойықтарымен қиылысқан кезде				
	а) мынадай жұмыс түрлері кезінде 10%-дан 30%-ға дейін:				
3.11	желімдеу	6111-0502-(0101÷0104, 0201÷0210, 0301÷0310, 0401),	1,1	—	—
3.12	сылау	6111-0501-(0701÷0705)	1,1	—	—
3.13	тегістеу	6111-0501-(0101, 0102, 0103÷0110, 0201, 0202, 0203÷0211, 0212÷0218)	1,1	—	—

11.2- кестенің жалғасы

	2	3	4	5	6
3.14	бояу	6111-0501-(0301, 0302, 0905, 0907, 0909, 1201, 1202, 0501÷0503, 0504, 0505, 0506, 0507÷0518, 0519÷0521, 0522÷0524, 0527)	1,1	—	—
	б) мынадай жұмыс түрлері кезінде 30%-дан жоғары:				
3.15	желімдеу	6111-0502-(0101÷0104, 0201÷0210, 0301÷0310, 0401),	1,2	—	—
3.16	сылау	6111-0501-(0701÷0705)	1,2	—	—
3.17	тегістеу	6111-0501-(0101, 0102, 0103÷0110, 0201, 0202, 0203÷0211, 0212÷0218)	1,2	—	—
3.18	бояу	6111-0501-(0301, 0302, 0905, 0907, 0909, 1201, 1202, 0501÷0503, 0504, 0505, 0506, 0507÷0518, 0519÷0521, 0522÷0524, 0527)	1,2	—	—
3.19	Силикат ерітінділерімен бітеу	6111-0501-(0701÷0703)	1,15	—	—
3.20	Дайындық жұмыстары	6111-0503-(0101÷0109)	1,3	—	—
3.21	Беткі қабаттарды майсыздандыру	6111-0503-(0201÷0206)	1,3	—	—
	Аппараттардың ішіндегі құрылыс сатыларынан, мінбелерден, бесіктер мен баспалдақтардан жұмыс істеу кезінде, диаметрі:				
3.22	4-ке дейін	6111-0501-(0101, 0102, 0103÷0310, 0201÷0206, 0213÷0216, 0217÷0218, 0301),	1,2	—	—
3.23	4-тен жоғары	6111-0501-(0101, 0102, 0103÷0110, 0201, 0202, 0204÷0208,	1,1	—	—
3.24	Аппараттан тыс жатып жұмыс жасау кезінде	6111 0501 (0212÷0216, 0301, 0306, 0303, 0304, 0305, 0401÷0402, 0501÷0503, 0504÷0512, 0519÷0521, 0522÷0524, 0527, 0701÷0705), 6111-0502-(0101÷0104, 0201÷0210, 0301÷10, 0401), 6111-0503-(0101÷0106, 0201÷0206),	1,2	—	—
3.25	Жабындарды, бағаналарды, байланыстарды, арқалықтарды, фахверктерді, конструкцияларды, эстакадаларды және галереяларды аспалы төсенімдерден бояу кезінде	6111-0501-(0101, 0102, 0103÷0110, 0201, 0202, 0203÷0208, 0212÷0216, 0301, 0306, 0303, 0304, 0305, 0401÷0402, 0501÷0503, 0504÷0512, 0522÷0524, 0527, 0701÷0705)	1,1	—	—

11.2- кестенің соңы

	2	3	4	5	6
	Диаметрі (ені) 1 м кем жабдықта (конструкцияда) жұмыстарды орындау кезінде.				
3.26	Табак материалдарымен желімдеу			–	–
3.27	Сылау	6111-0501-(0701÷0705)	1,2	–	–
3.28	Тегістеу	6111-0501-(0101, 0102, 0103÷0110, 0201, 0202, 0203÷0211, 0212÷0218)	1,2	–	–
3.29	Бояу	6111-0501-(0301, 0302, 0905, 0907, 0909, 1201, 1202, 0501÷0503, 0504, 0505, 0506, 0507÷0518, 0519÷0521, 0522÷0524, 0527)	1,2	–	–
3.30	Дайындық жұмыстары	6111-0503-(0101÷0109)	1,2	–	–
3.31	Беткі қабаттарды майсыздандыру	6111-0503-(0201÷0206)	1,2	–	–
3.32	Торлы беткі қабаттарды бояу және сырлау	6111-0501-(0301, 0302, 0905, 0907, 0909, 1201, 1202, 0501÷0503, 0504, 0505, 0506, 0507÷0518, 0519÷0521, 0522÷0524, 0527)	1,1	1,1	1,1

12-бөлім Әрлеу жұмыстары

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Осы Бөлімге қаптау, сылау, жапсыру, сырлау және тұсқағаз жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар енгізілген.

1.2 Осы Бөлімнің дара сметалық бағалары мыналарды көздейді:

а) биіктігі (еденнен төбеге дейін) 4 м-ге дейін үй-жайларды әрлеу кезінде мүкәммал үстелдерінен, баспалдақтардан және қосалқы сатылардан жұмыстарды орындау, жапсырма бұйымдарды орнату және әйнектеу-8 м-ге дейін. Аралас жұмыстар үшін бұдан бұрын орнатылған құрылыс сатыларын пайдалану мүмкіндігі немесе биіктігі 8 м-ден асатын үй-жайларда әрлеу жұмыстарын жүргізу үшін қайтадан құрылғы жобалық деректермен белгіленеді. Құрылыс сатыларының құрылғысы «Тас конструкциялар» деген 5-бөлімінің дара сметалық бағалары бойынша жаңадан қосымша айқындалады;

б) дайын құрылыс сатыларынан табиғи таспен немесе жасанды тақташалармен қасбетті сылау немесе қаптау. Қажет болған жағдайда олардың құрылғысы жобалық деректер негізінде «Тас конструкциялар» деген 5-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қосымша анықталады;

в) аралас жұмыстар үшін орнатылған құрылыс сатыларынан немесе баспалдақтар мен бесіктерден қасбеттерді бояу.

1.3 Табиғи таспен қаптау дара сметалық бағалары қисықтық радиусы 25 м-ден асатын жазық және қисық сызықты беттерді қаптауды ескереді.

1.4 Табиғи таспен қаптауға арналған дара сметалық бағалар қажетті құрылымға өзгертілген фрезерлік жиектері мен ұштары бар тақталарды қолдануды көздейді.

1.5 Табиғи таспен қаптауға арналған дара сметалық бағаларда қалыңдығы – 40 мм жылтыратылған граниттен жасалған тақталарды қолдану көзделеді; мәрмәр мен травертиннен – 40 мм дейін.

Төбелерді қаптауға арналған 6112-0501-(0103÷0104) дара сметалық бағалары қаңқаны дайындау және оны төбелердің негізгі конструкциясына бекіте отырып орнату бойынша жұмыстарды, қажет болған жағдайларда дыбыс оқшаулағыш материалдарды төсеуді және қаптау тақталарын тиісті әрлеуді қамтиды.

1.6 Радиусы 2 м-ден асатын жазық және қисық сызықты ішкі беткі қабаттарды жасанды тақташалармен қаптауға арналған дара сметалық бағалар бір немесе екі түсті кез-келген өлшемдегі тақташаларды қолдануды көздейді.

1.7 Дара сметалық бағаларда жұмыстарды жүргізу және қабылдау қағидаларында айқындалған рұқсаттармен орындалған тас, бетон және басқа да беткі қабаттарды сылау көзделген: текіректердің қабылданған орташа қалыңдығы рұқсат етілгеннен аспайтын ауытқулары бар сылақты алу үшін беткі қабаттарды қажетті тегістеуді ескереді.

Жұмыстарды жүргізу және қабылдау қағидаларында рұқсат етілгеннен үлкен ауытқулармен орындалған конструкциялардың беткі қабаттарында текіректің қалыңдығын өзгертуге арналған дара сметалық бағаларды түзетуге жол берілмейді.

Жобаға сәйкес сылақ текірегіннің қалыңдығы көрсетілгеннен астам болған жағдайда, сылақ жұмыстарының құнын жеке дара сметалық бағалар бойынша анықтау керек. Ерітінділердің құрамы былайша қабылданады: цемент-1:3, цемент-әк – 1:1:6, әк – 1: 2,5.

Ішкі беттерді гипс негізіндегі құрғақ қоспалармен сылауға арналған 6112-02-(0701÷0703), 6112-0301-(0201÷0204, (0301÷0303) дара сметалық бағалар рұқсат етілген ауытқуларды ескере отырып, орташаланған қалыңдық бойынша анықталып, қабылданды. Текіректің қалыңдығын өзгертуге арналған ресурстарды түзетуге жол берілмейді.

1.8 Қасбеттерді сылауға арналған дара сметалық бағалар жақсартылған және жоғары сапалы әрлеуді көздейді және қасбеттердің жекелеген элементтерін (қабырғалар, еңістер, тартпалар және т.б.) сылауға арналған жұмыстарды қамтиды.

1.9 Ғимарат ішіндегі беткі қабаттарды сылауға арналған дара сметалық бағалар беткі қабаттарды қарапайым, жақсартылған және жоғары сапалы әрлеуді көздейді.

Дара сметалық бағаларда жекелеген беткі қабаттарды: қабырғаларды, соның ішінде жылыту тауашаларының еңістерін, терезе бітеуіштерін (төменгі бөліктерден басқа) сылауға және еденкемерлерді, төбелерді майлауға, тартқыштарды, падугаларды, терезе еңістері мен жақтауларды әрлеу түрлері бойынша созуға арналған жұмыстар бар.

1.10 Арнайы сәулеттік безендірілген үй-жайлардағы (көрермендер залы, театрлар, клубтар, мұражай және көрме залдары және т.б.) беткі қабаттарды сылау жұмыстарын 6112-0201-(0201÷0602) дара сметалық бағалар бойынша анықтау қажет.

1.11 Жобада беткі қабаттарың керткітерін орындау қажеттілігі көзделген жағдайларда оны 6112-0301-(0401÷0402) дара сметалық бағалар бойынша айқындау қажет.

1.12 Баспалдақ басқыштары мен алаңдарды сылауға арналған 6112-0202-(0301÷0304) дара сметалық бағалар жеке элементтерден (басқыштар, арқалықтар, такталар және т.б.) сылауды көздейді. Құрама баспалдақ марштары мен алаңдарын әрлеу 6112-0301-0104-дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек.

1.13 Қасбеттерді сылау кезінде терезе ағызғыштарын сылау 6112-0201-(0301, 0501) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек.

1.14 6112-0201 - (0101÷0602) дара сметалық бағалар қасбеттердің жекелеген элементтерін тор бойынша сылауды көздемейді. Бұл жұмыстар 6112-0202-(0109÷0114) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек.

1.15 Осы Бөлімнің дара сметалық бағаларында көзделмеген жапсыру бөлшектерін орнату күрделілігі бойынша неғұрлым қолайлы бұйымдардың түрлеріне қатысты айқындалуы тиіс.

1.16 Жапсырмалы бұйымдарды орнатуға арналған дара сметалық бағалар барлық саңылауларды тесуді және бітеуді, тығындарды қоюды, шегелер мен ілмектерді қағуды, тігістерді бітеуді және ерітіндіні дайындауды қоса алғанда, барлық қажетті жұмыстардың орындалуын ескереді.

1.17 Бір модельден қалыптастырылатын бөлшектердің саны Техникалық бөліктің 12.1-кестесінде келтірілген деректер бойынша қабылдау керек. Көрсетілгеннен аз мөлшерде бірдей суретті жапсыру бөлшектеріне тапсырыс берген кезде әр тапсырыс үшін бір модель қабылдануы керек.

12.1-кесте - Бір модельден қалыптастырылатын бөлшектердің саны

Позиция №	Бөлшектердің атауы	Бірлік өлшеу	Бір модельге бөлшектер саны	
			гипс	цемент
1	2	3	4	5
1	Розеткалар, гербтер және т. б. - тегіс немесе қарапайым сурет	дана	150	100
2	Бұл да сондай, өрнектелген немесе күрделі сурет, тізбектер	дана	100	60
3	Тегіс вазалар, кронштейндер, модульдер және ұнтақтар	дана	170	100
4	Бұл да сондай, өрнектелген	дана	80	50
5		дана	70	35
6	Бойлық бөлшектер (тіліктер, белдіктер, фриздер, тамшылар және т. б.) биіктігі 500 мм дейін қарапайым сурет	дана	125	75
7	Бұл да сондай, күрделілігі орташа және күрделі сурет	дана	75	50
8	Бұл да сондай, биіктігі 500 мм-ден асатын қарапайым сурет	дана	200	120
9	Бұл да сондай, күрделілігі орташа және күрделі сурет	дана	120	80

1.18 Сырлау жұмыстарына арналған дара сметалық бағаларда дайын құрамдарды – тегістеуіштерді, төсеме-бояуларды, бояуларды қолдану көзделген; құрылыс салу жағдайларында дайындалатын қажетті құрамдарды пайдалана отырып, сырлау жұмыстарына арналған ресурстардың шығысын анықтау үшін сол дара сметалық бағалар қолданылады.

1.19 Сырлау жұмыстарына арналған дара сметалық бағаларда құрылысқа түсетін ағаш бұйымдарын әліпмайланған немесе екінші бояуға дайындалған бояу көзделген.

1.20 Биіктігі 4-тен 8 м-ге дейінгі үй-жайлардағы қабырғалар мен төбелерді бояу кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

1.21 Ойықтарды балкон есіктерімен толтырмаларды бояуды терезе ойықтарының толтырмаларын бояу ретінде анықтау керек.

1.22 Ағаш тұтқаларды бояуды терезе ойықтарының толтырмаларын бояу ретінде анықтау керек.

1.23 6112-0302-(0303÷0306, 0318÷0324). 6112-0302-(0307÷0310, 0325÷0329) дара сметалық бағаларда екі реңкті колерлеу көзделген. Бір жазықтықты 100 м² боялған бетке әрбір келесі реңкке 2 реңктен артық бояған кезде: еңбек шығындарына – 1,5 адам-сағ.

1.24 Терезе және есік балкон ойықтарын жұптастырылған жақтаулармен немесе төсемдермен толтыруды сырлау кезінде жармаларды (төсемдерді) ажырату және жалғау үшін 100 м² сырланатын бетке: еңбек шығындарына – 2,2 адам-сағ. қосу керек.

1.25 Мәрмар мен жібекке бөлшектеуге арналған бетті дайындау жоғары сапалы әрлеумен және үшінші бітеуішті және ажарлауды қосумен 6112-0302-(0503÷0508) дара сметалық бағалар бойынша сылақ бойынша майлы бояуға арналған процестер кешенін қамтиды.

1.26 Жібекпен әрлеуге арналған 6112-0302-(0503÷0508) дара сметалық бағаларда күрделіліктің үш санатын айналармен өңдеу бойынша жұмыстарды орындауға арналған ресурстардың шығысы көзделген (12.2-кесте).

12.2-кесте - Үш күрделілік санатындағы айналармен бөлу бойынша жұмыстарды орындауға арналған ресурстардың шығысы

Күрделілік санаты	Саны		
	фондағы реңктер	трафареттер	жұқа тактай
1	2	3	4
1	2-3	1	2
2	3	2	2
3	3-5	2-3	5

1.27 6112-0302-(0509÷0511) дара сметалық бағалардың нобайлар бойынша өңдеу күрделіліктің мынадай үш санатын көздейді: трафареттер мен жоташық жолақтары бойынша толтырылатын суретпен әлсіз қанықтылығы (фон 40%-дан астам), суреттің орташа қанықтылығы (фон 20%÷40%) және суреттің қою қанықтылығы (фон 20%-дан кем).

1.28 Шашкалармен жібекке әрлеуді 6112-0302-0508-дара сметалық бағалар бойынша анықтау керек

1.29 Болат конструкцияларды бояуды «Оқшаулау жұмыстары» деген 11-бөлімінің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.30 Қасбеттерді әк, силикат, цемент және эмульсиялық бояулармен бояуға арналған 6112-0303-(0101÷0113, 0201÷0212) дара сметалық бағаларда қарапайым қасбеттерді сырлау ескерілген. Күрделі қасбеттерді бояуды Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.19-тармағында келтірілген коэффициенттерді қолдана отырып, осы дара сметалық бағалар бойынша айқындаған жөн. Күрделі қасбеттерге қабырғалардың жалпы ауданының 30%-дан астам сәулеттік бөлшектері бар қасбеттер жатады.

1.31 Жобаға сәйкес әрленуіне жоғары сәулет талаптары қойылатын объектілерді салу кезінде әрлеу жұмыстары 6112-0103-(0101÷0125); 6112-0103-(0201÷0231, 0301÷0320), 6112-0401-(0301÷0303) дара сметалық бағалар бойынша айқындалуы тиіс.

1.32 Сәндік-акустикалық тақталардан жасалған аспалы төбелердің құрылғысына арналған 6112-0501-0105-дара сметалық бағала салмақ түсетін болат конструкциялар ескерілмеген және «Металл конструкциялар» деген 6-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қосымша ескерілуі тиіс.

1.33 «Көркемдік құндылығы бар объектілердегі қасбеттерді қаптау» деген 6112-0403-топ қасбеттерді (театрлар, мұражайлар, галереялар және т.б.) әрлеу бойынша күрделі сәулет-көркемдік, ою-өрнектеу шешімдерін пайдалана отырып, объектілердің құрылысы кезінде шығындарды анықтау үшін қолданылады.

6112-0403-(0101-0110) дара сметалық бағалар бойынша ресурстардың шығындары номиналды мөлшері 0,3 НФ дейінгі беттік кірпіш үшін ескерілген.

6112-0403-(0101÷0104) дара сметалық бағаларда 261-101-0307 «Кірпіш» ресурсының шығысын беттік кірпіші үшін 0,3 НФ номиналды өлшеммен жобалау деректеріне (жұмыс сызбаларына, ерекшеліктерге) сәйкес қаптауға арналған бұйымдардың шығысына 12.8-кестеде (3.22, 3.23-т.) келтірілген коэффициенттерді қолдану арқылы анықтаған жөн.

1.34 Гипс негізіндегі құрғақ қоспалармен ішкі беттерді әрлеуге арналған 6112-0301-(0201÷0204, 0301÷0303) дара сметалық бағалар орташаланған қалыңдық бойынша анықталып, қабылданады. Шығысты өзгертуге арналған ресурстарды түзетуге жол берілмейді.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

Қаптау жұмыстары

2.1 Беткі қабатты табиғи таспен қаптау бойынша жұмыстардың көлемі қаптау бетінің ауданы бойынша есептелуі тиіс, бұл ретте:

а) қаптаудың ауданын анықтау үшін қабырғалар мен бағаналардың өлшемдері сыртқы айналма бойынша жоспардағы сынықтарды ескере отырып, яғни қаптайтын тақталарды қамтитын қималар бойынша қабылдануы тиіс;

б) пішінделген тастармен және бөлшектермен қаптау кезінде қаптау бетінің ауданы тастардың немесе бөлшектердің бедерін есепке алмай қабылданады (үлкен жағының кескіні бойынша);

в) пішінделген тартқышты (ернеулер, жақтаулар және т.б.) оның биіктігінен (енінен) жоғары шығару кезінде тартқыш өлшемі үлкен жағы бойынша қабылданады.

2.2 Баспалдақтарды қаптау және терезе астындағы тақталарды төсеу бойынша жұмыстардың көлемін қалауға немесе сылаққа бекітілген тақталардың ұштарын ескере отырып есептеу керек.

2.3 Беткі қабатты жасанды тақталармен қаптау бойынша жұмыстардың көлемі оның бедерін есепке алмай қаптау бетінің ауданы бойынша есептелуі тиіс.

2.4 Беткі қабаттарды жасанды мәрмәрмен қаптау бойынша жұмыстардың көлемін қаптаманың жайылған беті бойынша есептеу керек.

2.4 а Беткі қабатты беттік кірпіштен жасалған бұйымдармен қаптау бойынша жұмыстардың көлемі (6112-0403-01-кесте) жобаның ерекшеліктері негізінде оның бедерін есепке алмай қаптау бетінің ауданы бойынша есептелуі тиіс. Пішінді өңдеу бойынша қаптау кірпішінің көлемі 6112-0403 - (0105÷0110) жобаның ерекшелігіне сәйкес есептеледі.

Сылақ жұмыстары

2.5 Қабырғаларды сылау ауданын қораптардың сыртқы қоршауы бойынша ойықтардың ауданын алып тастағанда есептеу керек. Қасбеттерді жақсартылған және жоғары сапалы сылау кезінде сәулет бөлшектері (ернеулер, белдіктер, жақтаулар және басқа да тартқыш бөлшектер)

сондай-ақ ғимаратқа жанасып жатқан бағаналар мен төрт қырлы ұстындар алып жатқан аудан қабырғалар алаңына қосылмайды және бөлек айқындалуға тиіс.

2.6 Терезе еңістері мен су ағызғыштарының, есік еңістерінің, сондай-ақ қабырға жазықтығынан шығатын және

сәулет және конструктивтік бөлшектер қабырғаларының қалыңдығына кіретін бүйірлік беткі қабаттардың ауданы ені бойынша екі топқа бөлінумен жеке есептелуі тиіс:

ені: 200 мм-ге дейін және 200 мм-ден астам.

2.7 Бағаналарды (ғимаратқа жапсарлас немесе жеке тұрған), сондай-ақ төрт қырлы ұстындарды сылау бойынша жұмыстардың көлемі олардың жайылған бетінің ауданы бойынша есептелуі тиіс.

2.8 Қасбеттерді жоғары сапалы сылау кезінде ернеулерді, тартқыштарды, белдеулерді, жақтауларды және басқа да тартылған бөлшектерді созу бойынша жұмыстардың көлемін олардың қасбеттің бетінде алатын ауданы бойынша (қабырғаға кескіні бойынша), ал олардың биіктігінен асатын еңісі бар ернеулерді тарту бойынша - олардың көлденең кескінінің ауданы бойынша есептеу қажет.

2.9 Сыланған беткі қабатқа орнатылатын жапсыру бөлшектерінің алатын ауданы сылақтың жалпы ауданынан алынып тасталмауы тиіс.

2.10 Ішкі сылақ бойынша жұмыстардың көлемін оларды әрлеу түріне байланысты (қарапайым, жақсартылған, жоғары сапалы) жеке үй-жайлар бойынша немесе пәтер, қабат, секция бойынша және т.б. тұтастай алғанда, егер барлық Үй-жайлар үшін әрлеу түрі бірдей қабылданса, анықтау керек.

2.11 Ішкі қабырғаларды сылау бойынша жұмыстардың көлемі қораптардың сыртқы қоршауы бойынша ойықтардың ауданын және тартылған тақтайлар алып жатқан ауданды шегере отырып, есептелуі тиіс. Қабырғалардың биіктігін таза еденнен төбеге дейін өлшеу керек. Төрт қырлы ұстындардың бүйір жақтарының ауданы қабырғалардың жалпы ауданына қосылуы керек.

2.12 Төбелерді сылау бойынша жұмыстардың көлемі (оның ішінде кессонның көлденең кескінінің ауданы 12 м^2 дейін кессонды) қабырғалардың немесе арақабырғалардың ішкі қырлары арасындағы аудан бойынша есептелуі тиіс. Кессонның көлденең кескінінің ауданы 12 м^2 артық қабырғалы аражабындарды және кессонды төбелерді сылау жөніндегі жұмыстардың көлемін жайылған бет бойынша есептеу керек.

2.13 6112-0202-(0101, 0103, 0105) дара металық бағаларда бүйірлік және жоғарғы терезе бітеуіштері мен еңістерін, жылыту тауашаларын сылау ескерілген және қосымша ескерілмеуі тиіс.

Төменгі терезе бітеуіштерінің құрылғысы бойынша жұмыстардың көлемін олардың ауданы бойынша, ал ресурстар шығысын 6112-0202-0203-дара металық бағалар бойынша қосымша анықтау қажет.

2.14 Ғимараттар ішіндегі терезе және есік еңістерін сылау бойынша жұмыстардың көлемін олардың ауданы бойынша, ал ресурстар шығысын 6112-0202-(0201÷0202) дара металық бағалар бойынша қосымша анықтау қажет.

2.15 Ішкі жақтаулар тартқыштарының құрылғысы бойынша жұмыстардың көлемін олардың қабырға бетінде алатын ауданы бойынша (қабырғаға кескіні бойынша) анықтау керек.

2.16 Баспалдақ бысқыштарын және алаңдарды сылау бойынша жұмыстардың көлемі олардың көлденең кескінінің ауданы бойынша қабатпен есептелуі тиіс.

2.17 Ернеулер мен тартқыштарды сылауға арналған жұмыстардың көлемі тартқыштың ұзындығына көбейтілген қатынасы мен биіктігі бойынша бөлек есептелуі тиіс.

2.18 Жасанды мәрмәр негізінің ауданы сылақ жұмыстарының көлеміне қосылмауы керек, өйткені негіз құрылғысы қаптау жұмыстарының ажырамас бөлігі болып табылады.

2.19 Құрылыс сатыларының құрылғысы бойынша жұмыстардың көлемін былайша есептеу керек:

а) үй-жайлардағы төбелер мен қабырғаларды сылау кезінде-төбелердің көлденең кескіні бойынша;

б) үй-жайларда тек қабырғаларды сылау кезінде-құрылыс сатысы төсемінің еніне көбейтілген қабырғалардың ұзындығы бойынша;

в) қасбеттерді сылау кезінде-ойықтарды шегермей қабырғалардың тік кескіні бойынша;

г) қасбеттерде тек ернеулерді, тартқыштарды, еңістерді және жақтауларды сылау кезінде – жоба бойынша.

Жапсыру жұмыстары

2.20 Жапсыру жұмыстарының көлемін осы Бөлімнің түрлері мен өлшеуіштеріне қатысты жапсыру бұйымдарының номенклатурасына сәйкес жобалық деректер бойынша қабылдау керек.

2.21 Дөңес кума бөлшектердің биіктігі иіліс бойынша қабылданады.

Сырлау жұмыстары

2.22 Қасбеттерді әк, силикат және цемент құрамдарымен бояу бойынша ауданды жоспардағы қасбеттік қабырғалардың сынықтарын ескере отырып, ойықтарды шегермей анықтау керек, бұл ретте терезе және есік еңістерінің ауданы, сондай-ақ ернеулердің, тартқыштардың және басқа да сәулет бөлшектерінің жайылған беттерінің ауданы ескерілмеуі тиіс.

2.23 Перхлорвинилді, кремнийорганикалық және поливинилацетатты құрамдармен бояу бойынша ауданды нақты бояуға жататын беткі қабат бойынша анықтау керек.

2.24 Ішкі беткі қабаттарды су құрамдарымен бояу бойынша ауданды ойықтарды шегермей және терезе мен есік еңістерінің және тауашалардың бүйір жақтарының ауданын ескермей есептеу керек. Бағаналар мен төрт қырлы ұстындардың бүйір жақтарының ауданы жұмыс көлеміне қосылады.

Ескертпе - Ойығы 50%-дан асатын жекелеген қабырғаларды бояу алаңы шынымен боялатын беткі қабат бойынша, яғни ойықтарды шегере отырып және терезе мен есік жақтауларының және тауашалардың бүйір жақтарының ауданын қоса отырып айқындалады.

2.25 Қабырғаларды майлы және поливинилацетатты құрамдармен бояу бойынша алаңды ойықтарды шегере отырып анықтау керек. Бағаналарды, төрт қырлы ұстындарды, тауашаларды, терезе және есік еңістерін бояу ауданы жұмыстардың көлеміне қосылады.

2.26 Терезе және есік ойықтарының ауданы оларды қабырға ауданынан шығару үшін қораптардың сыртқы қоршауы бойынша есептеледі.

2.27 Қабырғалы аражабындарды бояу бойынша ауданды 1,6 коэффициентін қолдана отырып, олардың көлденең кескінінің ауданы бойынша есептеу керек.

